«Шыңғырлау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Шыңғырлау ауданының дербес бөлімдері мен ауылдық округ әкімі аппараттарындағы қызметінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың қорытындылары туралы

АНЫҚТАМА

Шыңғырлау ауданы 7.10.2026 ж.

Талданатын объект туралы мәлімет:

«Шыңғырлау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Аппарат).

Мекенжайы: БҚО, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Л.Қылышев көш. №95

2025 жылғы 1 шілде мен 2026 жылдың 1 шілде аралығындағы кезең бойынша «Шыңғырлау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасалды.

Талдау аудан әкімінің 2026 жылғы 25 тамыздағы № 36 «Шыңғырлау ауданының жергілікті атқарушы органдары бойынша мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» мемлекеттік мекемесінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» өкімі негізінде жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы келесідей құрамда құрылды:

1. Бисембаев Азамат Тәңірбергенұлы - аудан әкімі аппаратының басшысы;
2. Таужанов Райынбек Кенжеғалиұлы - аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің басшысы;
3. Қаражанов Әділ Болатұлы - аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімінің басшысы;
4. Шотпанов Досхан Адақұлы - аудан әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер мониторингі бөлімінің басшысы;
5. Жандаулетов Бейбіт Мақсотұлы - аудан әкімі аппаратының бас инспектор-заңгері;
6. Телемгенова Гүлзада Сүйеуқызы - аудан әкімі аппаратының бірыңғай персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің басшысы.

Талдау жүргізу мерзімі: 1.09.2026 ж. – 30.09.2026 ж.

Бақыланатын кезең: 01.07.2025 ж – 01.07.2026 ж.

Аппарат 4 бөлімнен тұрады:

Ұйымдастыру жұмыстары, ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер мониторингі, бірыңғай персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) және жалпы бөлім.

Аппаратта ведомстволық мекемелер жоқ.

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін анықтау.

Аппараттың талданатын кезең бойынша штат саны 2026 жылы – 18 бірлік, оның ішінде 1 – аудан әкімі, 2 – аудан әкімінің орынбасары, 1 – аппарат басшысы, 4 - бөлім басшысы, 4 - бас инспектор, 6 – маман.

Таза ауысымдылық – 0% құрады.

Талданатын кезең бойынша аппаратта тәртіптік жазаға тартылғандар жоқ.

Талданатын кезең аралығында бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдары жоқ.

Талданып отырған кезеңде аппараттың мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтар жасау фактілері орын алған жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйым салуларды бұзу фактілері анықталды (1 округ әкімі).

Қызметкерлерге сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу мәселелері ашық жүргізіледі. Талдау кезеңінде қызметкерлер тарапынан шағымдар болған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Аппаратпен 2024-2025 жылдары барлық мемлекеттік көрсетілетін қызметтер электрондық ақпараттық жүйесі арқылы көрсетілді.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңына сәйкес, аудан бойынша 97 мемлекеттік қызмет көрсету түрлері бекітілген. Соның ішінде аппаратпен 3 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Олар:

1. Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату туралы - 0;
2. Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру - 2;
3. Азаматтарды әскерге шақыру мерзімін кейінге қалдыру - 0;

Мемлекеттік қызметтер бойынша өтініштер аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімімен www.elisence.kz порталы арқылы тіркеліп, уәкілетті органдарға жұмыстану үшін жолданады.

Аталған кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету барысында орын алған заңбұзушылықтар болған жоқ.

4.Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Ережеге сәйкес Шыңғырлау ауданы әкімі аппаратымен көрсетілетін барлық мемлекеттік қызметтер «Е-лицензирования» АЖ арқылы түседі. Өтініштер электронды форматта түсуіне байланысты, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Себебі қызмет алушы мен қызмет берушінің арасында тікелей қарым қатынас жоқ.

Талданатын кезең аралығындағы кезеңде қабылданған шешімдер мен қаулыларға наразылықтар мен заңға қайшы әрекеттер туындаған жоқ. Аталған нормативтік құқықтық актілердің азаматтардың, заңды тұлғалардың, кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін бұзушылық нормалары анықталған жоқ.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

Бақылау-тексеру функциялары жүзеге асырылмайды.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Есептелген жалақының еңбекақы төлеуді реттейтін заңнамаға әйкестігі.

Талдау жалақыны есептеу бекітілген штат кестелеріне сәйкес жүзеге асырылатындығын анықтады.

25 еселенген АЕК-тен аспайтын («Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 353-бабы) жұмыскерлердің табыстары бойынша табыс алығын есептеу кезінде тиісті түзету (100%) жүзеге асырылды.

Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақыларды әлеуметтік салықтан тиісті шегерім жүзеге асырылады.

Демалыстарды есептеу кезінде орташа жалақыны есептеу көтеру коэффициентін ескере отырып жүзеге асырылады. Жалақыны есептеу кезінде кемшіліктер анықталған жоқ.

Бекітілген мемлекеттік сатып алудың 2025 жылға арналған бастапқы жоспары көрсеткіштерінің «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң нормаларына сәйкестігі.

Аппараттың 2025 жылға бекітілген жоспарына сәйкес 58277549,28 мың теңге қарастырылды, игерілгені 100 % құрады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші тиісті бюджет (даму жоспары) немесе жеке қаржыландыру жоспары негізінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен және нысанда мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Негізгі құралдардың сақталуын және есепке алынуын қамтамасыз ету.

Аппараттың 21.10.2025 жылғы №64, 21.09.2026 жылғы №61 бұйрықтарына сәйкес негізгі құралдарға түгендеу жүргізілді. Қолданылатын тозу нормаларының негізгі ауытқуларға сәйкестігін талдау арқылы анықталған жоқ.

Қорлардағы негізгі құралдарды есепке алу фактілері анықталған жоқ.

Салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджетпен есеп айырысулардың сәйкестігі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №3932 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі-Қағидалар) 2-тараудың 15-тармағына сәйкес, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызмет Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп саласындағы заңнамасының сақталуын бақылау үшін мемлекеттік органдарды толық және анық ақпаратпен қамтамасыз етуге, мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі, қаржыландыру жоспарының орындалу барысы, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысу жағдайы, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуы тиіс.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық міндеттемелерін орындау) 36-бабын бұза отырып, мекеменің дербес шоттарында мемлекеттік кірістер

органдарында салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша артық төлемдер мен берешек сомалар анықталған жоқ.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Аудан әкімінің аппараты бойынша талданатын кезеңде 100 мемлекеттік сатып алу жасалды. Оның ішінде: ашық конкурспен -2026 жылға 3; баға ұсынымдары бойынша – 2025 жылға 7; 2026 жылға 35; тікелей шарт жасау жолымен бір көзден сатып алу – 2025 жылға 26; 2026 жылға 36; өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу – 2025 жылға 9; 2026 жылға 22; электронды дүкен-2025 жылға 1; 2026 жылға 4 сатып алулар жүргізілді.

Аудан әкімінің аппаратымен жүргізілетін мемлекеттік сатып алулар уақтылы және тиісті деңгейде жүргізілуде. Кемшіліктерге жол бермеу мақсатында үнемі мемлекеттік сатып алу заңнамасын түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Шыңғырлау ауданы әкімі аппаратының қызметкерлері тікелей басшымен, оның зайыбымен туыстық қарым-қатынаста емес. Талданбалы кезеңде аппаратта мүдделер қақтығысы болған жоқ.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Аппарат өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы, өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Аппаратының қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog»- ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өндеу бірыңғай платформасы;

«E-enbek» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Парус-Каз» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Қазынашалық-клиент» ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» жүйесі;

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ҚР Бас прокуратурасының ақпараттық сервисі.

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

9. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Есепті кезеңде: 277 - қаулы, 6 - шешім, 196-өкім, 154 бұйрық шығарылды. Есепті кезенде прокуратуры органдарынан наразылықтар түскен жоқ. Азаматтардың арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген нормалар негізінде жүргізілуде.

«Шыңғырлау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде талдау кезеңінде барлығы – 292 жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түсіп, 179 тұлға жеке қабылдауда болды.

Түскен өтініштер уақытында тіркеліп, мерзімдеріне сай өтініш иелеріне жазбаша жауаптары берілген.

Сонымен қатар «Шыңғырлау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне сыбайлас жемқорлық мәселелеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардан арыз-шағымдар түскен жоқ.

Есепті кезінде жеке және заңды тұлғалардан арыз-шағымдар бойынша сотта немесе прокуратураға шағымдар болған жоқ.

«Шыңғырлау ауданының ішкі саясат бөлімі»
мемлекеттік мекемесі

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Шыңғырлау ауданының ішкі саясат бөлімінде нақты штат саны бойынша 8 бірлік штат саны.Оның ішінде 1 бөлім басшысы, 2 бас маман, 1 хатшы, 1 ісжүргізуші, 1 статитст, 1 архивариус,1 еден жуушы .

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

3.Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Шыңғырлау ауданының ішкі саясат бөлімінің құзіретіне мемлекеттік қызмет көрсету кірмейді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Ережеге сәйкес Шыңғырлау ауданының ішкі саясат бөлімінің құзіретіне рұқсат беру функция кірмейді.

Бөлімде бақылау-тексеру функциялары жоқ.

6.Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

«Шыңғырлау ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ-не 01.07.2025 – 01.07.2026 ж. аралығында 76 182 000 мың теңге бөлініп толықтай 100% ға игерілді.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу барысында тәуекелдер анықталған жоқ.

8.Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Аудан әкімі аппаратының қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog»- ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өндеу бірыңғай платформасы;

«E-enbek» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Қазынашалық-клиент» ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» жүйесі;

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

9.Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Азаматтардың өтініш, арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік» Кодексі негізінде жүргізіледі. 01.07.2025 – 01.07.2026 ж аралығында бөлімге жеке және заңды тұлғалардан 9 өтініш келіп түсті. Өтініш уақытында қаралып жауап берілді.

Бөлімде прокурорлық қадағалау, сот актілері келіп түскен жоқ.

«Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

2025 жылғы 1 шілде мен 2026 жылдың 1 шілде аралығындағы кезеңі бойынша «Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметінде жалпы штат саны 47 адам. Соның ішінде мемлекеттік қызметшілер – 4 (1 бөлім басшысы, 3 бас маман), азаматтық қызметшілер 2 директор, 1 заңгер, 2 психолог, 1- әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман (кеңесші), 18 әлеуметтік қызметкерлер, 2-есепші, техперсонал қызметшілер – 17 (3- іс қағаздарын жүргізуші, 1-методист, 1-аударма жөніндегі редакторы, 1-архивариус 1-жүргізуші, 2 – еден жуушы, 2- қызметтік орын жайларды тазалаушы, 6-күзетші,. Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар орын алған жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілердегі аккаунттарына мониторинг жүргізіледі. Мемлекеттік қызметті әшкерелейтін материалдар жоқ. Еңбек тәртібін бұзу немесе өзге бұзушылықтар анықталған жағдайда кінәлі тұлғалардың жауаптылығын қарастыру.

2.Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

2025 жылғы 1 шілде мен 2026 жылдың 1 шілде аралығындағы кезеңі бойынша «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңына сәйкес, Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 17 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Олар:

1) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау –51 ;

2) Тұрғын үй көмегін тағайындау –4 ;

3) Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау – 340;

4) Шетелдік жұмысшыларға еңбек қызметіне рұқсат - 59;

5) Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу – 9;

6) Мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды рәсімдеу – 32;

7) Мүгедектігі бар адамдарды сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу -64;

8) Мүгедектігі бар адамдарды жүріп тұрудың арнайы құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу -13;

9) Мүгедектігі бар адамдарды санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу -26;

10) Ымдау тілі маманының қызметін алған мүгедектер-6.

11)Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар рәсімдеу – 11;

12)Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар рәсімдеу – 2;

13)Ақталған адамдарға куәлік беру қағидаларын және ақталған адам куәлігінің үлгісін бекіту туралы – 0;

14) Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу-3;

15) Әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамның мүлкіне билік ету, шотына түскен зейнетақыларды, жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша және соттың шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың мүлкін иеліктен шығаруға рұқсат беру-3;

16) Құқықтық және медиаторлық көмек көрсету-61;

17) Психологиялық көмек көрсету-73.

Талданбалы кезеңде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік қызмет көрсету барысында мерзімі бұзылған фактілер анықталған жоқ.

"Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 бұйрығы, "Ақталған адамдарға куәлік беру қағидаларын және ақталған адам куәлігінің үлгісін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылдың 28 ақпандағы № 78 бұйрығы, "Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасын сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30

маусымдағы № 287 бұйрығы, "Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 288 бұйрығы, "Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 мамырдағы № 197 бұйрығы, "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 бұйрығына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттармен белгіленген тәртіпке сәйкес көрсетіледі. Негізсіз бас тарту фактілері орын алған жоқ.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Ережеге сәйкес бөлімінің құзіретіне рұқсат беру функциялары кірмейді.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сай бақылау функциялары жүзеге асырылмайды.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Бөлімінде 2025 жылы бөлінген 140877,0 мың теңге бюджет 100 пайызға, 2026 жылдың 1 жартыжылдығына бөлінген 57476,0 мың тенге 100 пайызға бюджет қаражаты игерілді.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

2025 жылдың II жартыжылдығына талдау кезеңі аралығында 52 мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келсісім шарт жасалды. Оның ішінде: баға ұсынымдары бойынша - 18; тікелей шарт жасау жолымен бір көзден сатып алу - 8; өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу – 21, электрондық дүкен-2, рейтингтік балдық жүйесі-1, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде сатып алу- 2;

2026 жылдың I жартыжылдығына талдау бойынша -34 мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келсісім шарт жасалды. Оның ішінде: баға ұсынымдары бойынша - 9; тікелей шарт жасау жолымен бір көзден сатып алу – 11; өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу – 9, ашық байқау -2, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде сатып алу- 3;

Жүргізілетін мемлекеттік сатып алулар уақтылы және тиісті деңгейде жүргізілуде. Кемшіліктерге жол бермеу мақсатында үнемі мемлекеттік сатып алу заңнамасын түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкерлері тікелей басшымен туыстық қарым-қатынаста емес. Талдау аралығындағы кезеңде бөлімде мүдделер қақтығысы болған жоқ.

Барлық мемлекеттік сатып алу келісім шарттары заңдылыққа сәйкес жүргізілді. 2026 жылы да өткізілген мемлекеттік сатып алу процестері медианный (орташа) бағалар аясында жүзеге асырылды. Жоғарыда көрсетілген

мемлекеттік сатып алулар 2026 жылы да жүзеге асырылды және олармен қоса автобөлшектер, кеңсе тауарлары сатып алынды. Оларды сатып алу кезінде интернет желісі арқылы нарықтағы бағалар сараланып, сол бағалар шеңберінде орташа баға ұсынылды және сол ұсынылған баға аясында мемлекеттік сатып алу келісім шарттары жасалды. Нарықтағы бағадан асырылып алынған тауарлар болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар орын алған жоқ. Алдағы уақытта да сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу бағытында жұмыстар жалғасатын болады.

8.Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Бөлімінің қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog»- ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай платформасы;

«E-enbek» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Е-собес» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Отбасының цифрлық картасы» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Шетелдік жұмыс күші» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Тұрғын үй көмегі» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Парус-Каз» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Қазынашалық-клиент» ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» жүйесі;

«FSMSocial» жүйесі.

«Әлеуметтік портал» жүйесі

«inva.gov.kz» жүйесі

9.Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Талданбалы кезеңде бөлімге барлығы - 21 өтініш түсті. Соның ішінде жеке тұлғадан 11 және заңды тұлғалардан 10 өтініш түскен. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы өтініштер мен шағымдар түскен жоқ. Өтініштерді қабылдаудан бас тарту фактілері орын алған жоқ.

Шыңғырлау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде ауылдық округ әкімі аппараттары жанында құрылған учаскелік комиссияларының ұсынысымен «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау» (материалдық көмек) қызметі қағаз жүзінде жүргізіледі. Соған байланысты аталған қызмет өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін. Себебі ауылдық жерлердегі өтініш берушілер комиссия мүшелерінің жақын-тума туыстары немесе таныстары болуы мүмкін.

«Шыңғырлау ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

2025 шілдеден 2026 жылдың 1 шілде дейінгі аралықта 10 бірлік штат саны болды. Оның ішінде 1 бөлім басшысы, 1 сектор меңгерушісі, 2 бас маман, 1 хатшы, 1 статист, 1 іс-жүргізуші, 1 аудармашы-редактор, 1 еден жуушы, 1 көлік жүргізушісі.

Бөлім қызметкерлерінің жеке істері бойынша мемлекеттік қызметшілердің қызметке орналасу кезінде құқық бұзушылықтар, анттың болуына, мемлекеттік қызмет атқарған кезде шектеулерді қабылдау міндеттеріне, Қазақстан Республикасының Әдеп кодексімен танысуына сәйкес тексерілді.

Қызметкерлердің қажетті құжаттары толығымен бар және Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес келеді.

Бөлімде жақын туыстарының, жұбайларының бірлесіп жұмыс жасау фактілері анықталған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Шыңғырлау ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі 2025 жылдың 1 шілдеден 2026 жылдың 1 шілде аралығында 257 мемлекеттік көрсетілетін қызметкөрсетті;

«Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша – 144 сәулет жоспарлау тапсырмасы берілді.

«Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша – 113 эскиздік жоба келісуден өткізілді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Бөлімінің құзіретіне бақылау-тексеру функция кірмейді

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

Бөлімінің құзіретіне бақылау-тексеру функция кірмейді

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Бөлімнің 2025 жылға бекітілген жоспарына сәйкес 972 114,0 мың теңге қарастырылды, игерілгені 100% құрады.

2026 жылға бекітілген жоспарына сәйкес 1 067 185,0 мың теңге. Соның ішінде 01.07.2025 ж қаралғаны – 234 919,0 мың теңге игерілгені 2,24% құрады.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Тәуекелдер анықталған жоқ.

8. «Шыңғырлау ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 2026 жылы 39 келісім шарт жасалса, 2025 жылы 66 келісім шарт жасақталды.

9. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Шыңғырлау ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі E-Otinish, Documentolog, E-Qyzmet, Elicense, РМК «Мемқұрылыскадастр», АЖО «БМЖМК», «Парус-Каз» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Қазынашалық-клиент» ақпараттық жүйесі; «1С-бухгалтерия» жүйесі; Геоақпараттық порталы жүйелерін қолданып жүзеге асырады.

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

10. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Мекемемен анықтамада көрсетілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді барынша азайту және жою жөнінде шаралар қолдануға, оның ішінде уәкілетті органдарға ұсыныстар енгізу жөнінде, мамандар арасында құқықтық оқытулар жүргізу.

«Шыңғырлау ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

1. Персоналды басқару, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Шыңғырлау ауданының экономика және қаржы бөлімі бойынша мемлекеттік қызметшілердің штат саны – 6 адам, нақты саны – 5 адам, бос орын саны – 1.

Шыңғырлау ауданы әкімідігінің 2025 жылғы «13» мамырдағы №136 қаулысына сәйкес Бөлімнің штаттық кестесі бойынша 1 басшы, 1 сектор меңгерушісі, 4 бас маманды құрайды.

2025 жылдың 1 шілде жағдайы бойынша бөлімде штаттық кестеге сай 13 адамды құрап отыр. Оның 6 - мемлекеттік әкімшілік қызметші, онын ішінде: бос орын саны – 1 ; 7- азаматтық қызметшілер, оның ішінде: 1-әдіскер, 1-мұрағатшы, 1-іс жүргізуші, 1-хатшы, 1-аударма жөніндегі редактор, 1-статист, 1-еден жуушы.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 12-бабындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзу фактілері анықталған жоқ.

Қызметкерлерге сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу мәселелері ашық жүргізіледі.

Талдау кезеңінде қызметкерлер тарапынан шағымдар болған жоқ.

2.Мүдделер қақтығысын реттеу.

Бөлімде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Шыңғырлау ауданының экономика және қаржы бөлімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы №72 бұйрығымен бекітілген «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне

әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну» қағидаларына (бұдан әрі Қағида) сәйкес 1 (бір) мемлекеттік қызмет көрсетеді:

«Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну».

Талдау жүргізу кезеңінде «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолау шараларын ұсыну» мемлекеттік қызметі бойынша – 2025 жылғы шілде айынан бастап 2026 жылғы шілде айын қоса алғанда 101 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде «көтерме жәрдемақы» бойынша 82 және «бюджеттік несие» бойынша 19 қызметі атқарылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне келетін болсақ:

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2014 жылғы 6 қарашадағы №72 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес (бұдан әрі – Қағида) «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну үшін - Сенім білдірілген өкіл (агент) болып табылады.

«Шыңғырлау ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі мен «Отбасы банк» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк) арасында 2026 жылдың 9 шілдедегі № 09-099-2026-1209 тапсырма шарты жасақталды.

Тапсырма шартына сәйкес, банктің негізгі фунцияларының бірі-әлеуметтік қолдау шараларын алушы мамандардың www.otbasybank.kz сайты арқылы көтерме жәрдемақы немесе бюджеттік кредит алуға өтінім беруін қамтамасыз ету. **Алайда, кейбір мамандарға әлеуметтік қолдау шараларына** өтінім беру үшін **міндетті түрде банктен депозит ашу** қажеттілігі кедергі болуда. Мысалы, көтерме жәрдемақы алуға ниет білдірген білім беру саласының маманы салықтық қарыздары болу салдарынан депозит ашу мүмкін емес екен.

Депозит ашу кезінде банк кеңесшілері мамандарға депозитті толықтыру қажеттілігі туралы ұсыныстар енгізуде. Алайда, Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес, мемлекеттік қызмет тегін көрсетілуі тиіс.

Сонымен қатар, қағидаға сәйкес ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген маман тұрғын үй салу үшін бюджеттік несие алған кезде тұрғын үй құрылысын аяқтағанға дейін кепілге мүлік ұсынуы қажет. Алайда тұрғын үй салатын адамға кепілге басқа мүлікті қою ақылға сыйымсыз нәрсе. Сондықтан бұл қызмет түрін алушылардың саны кемде кем, бұл мамандардың кепілге мүлік таба алмауынан туындауда.

Жоғарыда аталған мәселелерді сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша жасақталатын іс-шаралар жоспарына енгізу ұсынылады.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Бөлімінің құзіретіне бақылау-тексеру функция кірмейді

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

2025 жылдың 12 мамырынан 20 маусымына дейін бөлімде аудиторлық тексеріс жүргізілді. Тексерудің объектісі 2022 жылдың 1 қаңтарынынан 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде Шыңғырлау ауданындағы бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізілді.

Жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижесі бойынша жалпы сомасы 5 103,8 мың теңгеге ҚР заңнамасының талаптары сақталмағаны анықталды, оның ішінде: өтелуге жататын қаржылық бұзушылықтар 4 983,8 мың теңге, тиімсіз жоспарлау 120,0 мың теңге.

Атап айтқанда:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 ж. №511 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік өтінімді құрастыру және ұсыну қағидаларының 45-тармағын бұза отырып, ағымдағы жылға бекітілген іссапар жоспарлары және жоспарлы кезеңге арналған іссапар жобалары ұсынылмаған.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV 67-бабы 6-тармағының 5) тармақшасын бұза отырып, 2022 жылға «Шыңғырлау ауданы Ащысай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, «Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталық» КММ, ауданның ішкі саясат бөлімі, «Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, Шыңғырлау аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, Шыңғырлау аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ, Шыңғырлау аудандық ішкі саясат бөлімі» ММ бюджеттік өтінімдеріне түсіндірме жазбалар қосылмаған.

Шыңғырлау ауданының «Экономика және қаржы бөлімі» ММ жалпы сомасы 120,0 мың теңгеге негізгі құралдар сатып алды, атап айтқанда: 2022 жылғы 19 тамыздағы №13 мемлекеттік сатып алу шартына сәйкес 1 дана мұздатқыш камера 120,0 мың теңге сомасына сатып алынып, Бөлімнің балансына тіркелді.

2022 жылғы 24 қарашадағы №5-11/19 бұйрығы негізінде жоғарыда аталған негізгі құрал Шыңғырлау ауданының «Экономика және қаржы бөлімі» ММ балансынан «Шыңғырлау аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ балансына берілді.

Капиталдық шығыстарды жоспарлау кезінде Бөлім Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 4-бабының 9) және 12) тармақшаларында көзделген негізділік және тиімділік қағидаттарын жалпы сомасы 120,0 мың теңгеге сақтамаған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға,

оның ішінде шет мемлекеттерге шығыстарды өтеу қағидаларының 3-тармағының 2) тармақшасын бұза отырып, мемлекеттік мекемелер қызметкерлері үшін тәулігіне тұрғын үйді жалдау шығындарын өтеу нормасы ауылдық округтерде екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспауы тиіс, нәтижесінде 14,8 мың теңге сомасына артық төлемге жол берілген.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 72 қарыз шарты бойынша 35 625,9 мың теңге сомасында мерзімі өткен берешек бар. Оның ішінде 17 маман бойынша 30 656,9 мың теңге сомасына сот шешімі бар, нәтижесінде берешектің қалдық сомасы 4 969,0 мың теңгені құрайды.

Осылайша, қарыз шарттарының 2.6-тармағын бұза отырып, қарыз алушылар жалпы сомасы 4 969,0 мың теңге кредитті шарттарда, оның ішінде төлем кестелерінде белгіленген тәртіппен және мерзімде уақтылы өтеу жөніндегі міндеттерін орындамаған.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 2008 жылғы 4 желтоқсандағы 94-бабы 2-тармағын бұза отырып, Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданының «Экономика және қаржы бөлімі» ММ, бюджетке түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті орган ретінде, мерзімі өткен бюджеттік қарыздар бойынша берешектердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз етпеген.

Нәтижелілік пен тиімділік көрсеткіштері.

2024 жылы жоспарланған бюджет қаражатының көлемі 914 005,9 мың теңгені құрады, ал игерілген бюджет қаражаты 913 995,1 мың теңге немесе 99,9% болды.

Игерілген бюджет қаражатының жоспарланған бюджет қаражатына қатынасы бойынша тиімділігі – өте жақсы.

Мәнділік көрсеткіші

Аудит нәтижесінде жалпы сомасы 5 103,8 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды. Бұл аудитпен қамтылған кезеңде бөлінген 4 773 097,1 мың теңге көлеміне қатысты 0,11% құрайды.

Осыған байланысты, аудит объектісінде жіберілген бұзушылықтар маңызды емес деген қорытынды жасауға болады.

Тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы көлемі аз болғанымен, бөлімде ішкі бақылауды күшейту, қаржылық есептіліктің дұрыстығын қамтасыз ету және осындай бұзушылықтардың алдын алу үшін шаралар қабылдау ұсынылады.

Талдау жүргізу кезеңінде шығарылған актілерге наразылық туындаған жоқ.

Жоғарыда тексеру қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының заңнама талаптарының сақталмауына жол берген тиісті лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі қарастырылатын болады.

Азаматтардың арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінде» көзделген қағидалар негізінде жүргізілуде.

Бөлімге 2025 жылдың 1 шілдесінен 2026 жылдың 1 шілде аралығында барлығы жеке және заңды тұлғалардан 56 өтініш келіп түскен және жалпы кіріс 2 775 хат келіп түскен.

Түскен өтініштер уақытында тіркеліп, мерзімдеріне сай 55 өтініш қаралып, иелеріне жазбаша жауаптар берілген. 1 өтініш тиісті мемлекеттік мекемеге қайта жолданды.

Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштер уақытылы тіркеліп, өтініш иелеріне уақытылы жауап берілген. Сыбайлас жемқорлық бойынша мекеме қызметкерлері арасында құқық бұзушылық болмаған.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Бөлімге 2026 жылы 1 032 036,0 мың теңге қаражат бөлініп, 234 193,0 мың теңге қаражат игерілсе, жыл соңына дейін 797 843,0 мың теңге қаражат игеріледі деп күтілуде.

Есептелген жалақының еңбекақы төлеуді реттейтін заңнамаға сәйкестігі.

Талдау жалақыны есептеу бекітілген штат кестелеріне сәйкес жүзеге асырылатындығын анықтады.

Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақыларды әлеуметтік салықтан тиісті шегерім жүзеге асырылады.

Демалыстарды есептеу кезінде орташа жалақыны есептеу көтеру коэффициентін ескере отырып жүзеге асырылады. Жалақыны есептеу кезінде кемшіліктер анықталған жоқ.

Бекітілген мемлекеттік сатып алудың 2025 жылға арналған бастапқы жоспары көрсеткіштерінің «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң нормаларына сәйкестігі.

Бөлімнің 2026 жылға бекітілген жоспарына сәйкес 27 761,2 мың теңге қарастырылды, игерілгені 9 622,0 мың теңге немесе 34,6 % құрады.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 6-бабының 2-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші тиісті бюджет (даму жоспары) немесе жеке қаржыландыру жоспары негізінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен және нысанда мемлекеттік сатып алудың қаржылық жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Бөлімнің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі №03-14/1 бұйрығына сәйкес негізгі құралдарға түгендеу 2025 жылдың аяғында жүргізілді. Түгендеу кезеңінде қолданылатын тозу нормаларының негізгі ауытқуларға сәйкестігін талдау арқылы анықталған жоқ. 2026 жылы негізгі құралдарға түгендеу жүргізу ағымдағы жылдың IV-ші тоқсанына жоспарлануда.

Салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджетпен есеп айырысулардың сәйкестігі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы №223 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі-Қағидалар) 2-тараудың 15-тармағына сәйкес, мемлкеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызмет Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп саласындағы заңнамасының сақталуын бақылау үшін мемлекеттік органдарды толық және анық ақпаратпен

қамтамасыз етуге, мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі, қаржыландыру жоспарының орындалу барысы, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысу жағдайы, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық міндеттемелерін орындау) 36-бабын бұза отырып, мекеменің дербес шоттарында мемлекеттік кірістер органдарында салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша артық төлемдер мен берешек сомалар анықталған жоқ.

2025 жылғы 17 шілдедегі №202 қаулысы негізінде аудандық бюджетке өзгерістер енгізілді. Аталған нақтылау нәтижесінде ауданның кіріс бөлігі 204 320 мың теңгеге ұлғайды.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Бөлім бойынша талданатын кезеңде 35 мемлекеттік сатып алу жасалды. Оның ішінде: ашық конкуспен-2; баға ұсынымдары бойынша-15; тікелей шарт жасау жолымен бір көзден сатып алу-6; электронды дүкен-1, өткізілмеген сатып алулар бойынша -11 сатып алулар жүргізілді.

Бөлімнің жүргізілетін мемлекеттік сатып алулар уақытылы және тиісті деңгейде жүргізілуде.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Бөлімнің қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog»-ақпараттық жүйесі;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай платформасы;

«Е-қызмет» персоналды басқару жүйесі;

«E-enbek» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Парус-Каз» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Oral 365» ақпараттық-талдау жүйесі

«Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» (К-2) жүйесі;

«Е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

«Baspana Market» сайты.

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

9. Мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Есепті кезеңде: әкімдікке: 42 – қаулы (*10 – мемлекеттік қызмет көрсету бойынша*), 17 – (*бюджетке қатысты*), 6 – шешім жобасы (мәслихат) дайындалды, ал Бөлімнің негізгі қызметі бойынша 26 бұйрық, жеке құрам бойынша 136 бұйрық, коммуналдық меншік бойынша 46 бұйрық шығарылды.

Жаңа Бюджет кодексінің 5-бабының 17-тармағына сәйкес Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2025 жылғы 20 маусымдағы №36-20 шешімімен бюджеттік комиссиясының жаңа құрамы бекітілді.

Талдау жүргізу барысында ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде туындайтын мәселелер анықталмады.

«Шыңғырлау ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

1.Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

2025 жылдың 1 маусымнан 2026 жылдың 1 маусымына дейінгі аралықта 8 бірлік штат саны болды. Оның ішінде 1 бөлім басшысы, 2 бас маман, 1 хатшы, 1 еден жуушы, 2 статист, 1 көлік жүргізушу.

Бөлім қызметкерлерінің жеке істері бойынша мемлекеттік қызметшілердің қызметке орналасу кезінде құқық бұзушылықтар, анттың болуына, мемлекеттік қызмет атқарған кезде шектеулерді қабылдау міндеттеріне, Қазақстан Республикасының Әдеп кодексімен танысуына сәйкес тексерілді.

Қызметкерлердің қажетті құжаттары толығымен бар және Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес келеді.

Бөлімде жақын туыстарының, жұбайларының бірлесіп жұмыс жасау фактілері анықталған жоқ.

2.Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

3.Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 19 маусымдағы №236 бұйрығымен толықтырылған «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» № 301 бұйрығына сәйкес талданбалы кезеңде мемлекеттік қызметтер көрсетілді:

«Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту» мемлекеттік қызметі;

«Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызметі;

«Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға түпкілікті шешім беру» мемлекеттік қызметі;

«Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» мемлекеттік қызметі;

«Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу» мемлекеттік қызметі;

«Жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау» мемлекеттік қызметі;

«Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату» мемлекеттік қызметі;

«Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту» мемлекеттік қызметі;

«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызметі.

Мемлекеттік қызметтер бойынша өтініштер www.elisence.kz порталы арқылы тіркеліп, жұмыстану үшін бөлім мамандарына жолданады. Қызмет көрсету барысында орын алған заңбұзушылықтар болған жоқ.

Қазіргі таңда аудан бойынша жер учаскесінің мерзімін ұзарту мемлекеттік қызмет көрсету болып табылады.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Бөлімінің құзіретіне бақылау-тексеру функция кірмейді

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

Бөлімінің құзіретіне бақылау-тексеру функция кірмейді

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Аудандық жер қатынастары бөлімін қамтамасыз етуге 01.07.2025 – 01.07.2026 жж аралығында бөлінген қаражат – 37679,0 мың теңге. Қаражат 100%-ға толықтай игерілді.

Жергілікті деңгейде жер қатынастары бөлімінің дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша еңбекақы, үстемақы, әлеуметтік аударымдар, қызметтік іссапарлар төлеу және байланыс қызметтері, бөлімге қажетті кеңсе тауарлар, автокөлікке қажетті қосалқы бөлшектер, жанар-жағармайлар, өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу шығыстарына жұмсалды.

Мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Қажетті сатып алуларды анықтау жетекшілік ететін басшылықпен келіскеннен кейін қаржы және есеп бөліміне берген өтінімдері негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алу жоспарлары туралы ақпарат goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған.

Мемлекеттік сатып алулар мемлекеттік сатып алу порталында бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу электрондық түрде мемлекеттік сатып алу веб-порталында жарияланады, бұл өнім берушімен қандай да бір байланысты болдырмайды. Мемлекеттік сатып алу туралы келісімшарттар электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады.

Талданып отырған кезеңде өткізілген сатып алулар бойынша «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында белгіленген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер сақталды.

Бекітілген мемлекеттік сатып алу жоспарының бір бөлігі баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілмегеннен кейін бір көзден алу тәсілімен сатып алынғанын атап өткен жөн. Осылайша, мемлекеттік сатып алу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен бір ғана әлеуетті өнім берушінің сатып алуға қатысу себебі бойынша өтпеді деп танылған жағдайда, жүйе тапсырыс берушінің қатысуынсыз автоматты түрде осындай әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шақыру жібереді.

Аудандық жер қатынастары бөлімі мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін айқындау кезінде мемлекеттік сатып алудың бәсекелестік тәсілдерін таңдауға ұмтылды. Өткізілген мемлекеттік сатып алуды талдау нәтижесінде бөлімнің қызметіне әсер ететін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

7. **Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.**

Тәуекелдер анықталған жоқ.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Шыңғырлау аудандық жер қатынастары бөлімі E-Otinish, Documentolog, E-Qyzmet, Elicense, Геоақпараттық порталы жүйелерін қолданып жүзеге асырады.

Elicense жүйесі бойынша бөлімнің мемлекеттік қызметкерлерін арнайы оқыту курстарын жүргізсе өтініштердің мерзімін өткізіп алмаудың алдын алар еді.

Аудан бойынша өткізілетін конкурстар, аукциондар бойынша хабарландырулар аудандық «Серпін» газетіне, Шыңғырлау аудан әкімдігінің ресми сайтында, Геопортал ақпараттық жүйесінде орналастырылады.

Мемлекеттік сатып алу жоспарлары goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылады.

9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350 Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі негізінде жүргізіледі. Жер қатынастары бөліміне түскен барлық өтініштер Е-өтініш платформасы арқылы тіркеуден өтіп, тиісті жауап беріледі.

Талданатын кезеңде бөлімге 48, заңды тұлғадан 9 өтініш, жеке тұлғадан 39 өтініш түскен. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы өтініштер мен шағымдар түскен жоқ. Өтініштерді қабылдаудан бас тарту фактілері орын алған жоқ.

Аудандық жер қатынастары бөлімі мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін айқындау кезінде мемлекеттік сатып алудың бәсекелестік тәсілдерін таңдауға ұмтылды. Өткізілген мемлекеттік сатып алуды талдау нәтижесінде бөлімнің қызметіне әсер ететін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

«Шыңғырлау ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі

1.Персоналды басқарумен, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау.

Бөлімде штат саны 9 бірлікті құрайды, соның ішінде 4 бірлік мемлекеттік қызметші және 5 бірлік азаматтық қызметші.

Бөлімге бағынысты аудандық мәдени-демалыс орталығы, орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, «Шыңғырлау» спорт клубының бірінші басшылары да бөлім арқылы тағайындалады.

«Шыңғырлау ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі ағымдағы жылы бөлімнің қызметкерлерімен салық декларациясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде ұсынылды.

2.Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3.Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлім 2 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Олар:

1. «2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік-разрядты спортшы спорттық разрядтар және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру»;
2. Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлеріне тұрғын үй беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетеді.

Мемлекеттік қызметтер бойынша өтініштер «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы порталы арқылы қабылданады. Талданатын кезең аралығында бөлімге мемлекеттік қызмет көрсету бойынша 3 өтініш түсті.

Олар: «Спорт төрешісі» санаты-4, «Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы»-1, «II жасөспірімдік разрядты спортшы»-1 санаттар мен разряд берілді.

Аталған кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету барысында орын алған заң бұзушылықтар болған жоқ.

Ұсыным: «2 - разрядты спортшы, 3- разрядты спортшы, бірінші, 1- ші жасөспірімдер разрядындағы спортшы, 2- ші жасөспірімдер разрядындағы спортшы, 1- ші жасөспірімдер разрядындағы спортшы біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» қызметтері бойынша жауапты маманның біліктілік деңгейін көтеру бойынша жұмыстану.

4.Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлімде рұқсат беру функциялары жоқ.

5.Бақылау-тексеру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлімде бақылау-тексеру функциялары жоқ.

6. Бюджет және қаржы, қаражатын игеру және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Шыңғырлау ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жылдық бюджеті 435868,0 мың теңгені құрайды. Оның 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін 99,9% игерілді.

ҚР Қаржы министрінің 2018 жылғы 21 қыркүйектегі №840 «Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарының бухгалтерлік есепті жасауға уәкілеттілік берілген лауазымды адамдарын сертификаттау қағидалары» бұйрығына сәйкес бас маман есепшінің арнайы сертификаты бар.

Талдау жалақыны есептеу бекітілген штат кестелеріне сәйкес жүзеге асырылатындығын анықтады.

Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақыларды әлеуметтік салықтан тиісті шегерім жүзеге асырылады.

Демалыстарды есептеу кезінде орташа жалақыны есептеу көтеру коэффициентін ескере отырып жүзеге асырылады.

Жалақыны есептеу кезінде кемшіліктер анықталмады.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасаумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

25 мемлекеттік сатып алу жасалды. Оның ішінде: баға ұсынымдары бойынша – 3, тікелей шарт жасау жолымен бір көзден сатып алу - 12; өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу - 8; Ашық конкурс – 2.

Бөліммен жүргізілетін мемлекеттік сатып алулар уақтылы және тиісті деңгейде жүргізілуде. Кемшіліктерге жол бермеу мақсатында үнемі мемлекеттік сатып алу заңнамасын түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Шыңғырлау ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметкерлері тікелей басшымен, оның зайыбымен туыстық қарым-қатынаста емес. Талданбалы кезеңде бөлімде мүдделер қақтығысы болған жоқ.

8.Бөлімнің жүйелерді әзірлеу және пайдаланумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Шыңғырлау ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінде келген қызметтік хаттар Documentolog 7 арқылы тіркеледі.

9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350 Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі негізінде жүргізіледі. Бөлімге түскен барлық өтініштер Е-өтініш платформасы арқылы тіркеуден өтіп, тиісті жауап беріледі.

Талдау кезеңі аралығындағы Шыңғырлау ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөліміне жеке және заңды тұлғалардан 14 өтініш түскен. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы өтініштер мен

шағымдар түскен жоқ. Өтініштерді қабылдаудан бас тарту фактілері орын алған жоқ.

«Шыңғырлау ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін анықтау.

«Шыңғырлау ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметінде жалпы штат саны 5 бірлік, азаматтық қызметкерлер саны 9 бірлік.

Бақыланатын кезеңде белгіленген тәртіптік жазалар алғандар жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Бөлім қызметкерлері тікелей басшымен, оның зайыбымен туыстық қарым қатынаста емес. 2025 жылдың 01.07. – 2026 жылдың 01.07 аралығында бөлімде мүдделер қақтығысы болған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Бөліммен 2025 жылдың 01.07. – 2026 жылдың 01.07 аралығында бөлімде барлық мемлекеттік көрсетілетін қызметтер электрондық ақпараттық жүйесі арқылы көрсетілді.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңына сәйкес, аудан бойынша мемлекеттік қызмет көрсету түрлері бекітілген. Шыңғырлау ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінде қызметтердің 4 түрі көрсетіледі. Олар:

1. Заңды және жеке тұлғалардың иелігіндегі тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізуге – 96.

2. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік тіркеу нөмірлері мен тіркеу құжаттарын беру жұмыстарын атқаруға – 143.

3. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарды кепілге тіркеу және кепіл куәліктерін беруге – 0.

4. Трактордарды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер механизмдері, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін сондай-ақ жоғары өтімді

арнайы машиналарды жүргізу құқығына емтихандар қабылдап тракторист-машинист куәлігтерін беруге – 48.

Талданбалы кезең бойынша 287 қызмет көрсетілді. Аталған кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету барысында орын алған заң бұзушылықтар болған жоқ.

4.Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Бөлімде рұқсат беру функциялары жоқ.

5.Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

Бөлімде бақылау – тексеру беру функциялары жоқ.

6.Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Талдау жалақыны есептеу бекітілген штат кестелеріне сәйкес жүзеге асырылатындығын анықтады.

Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақыларды әлеуметтік салықтан тиісті шегерім жүзеге асырылады.

Демалыстарды есептеу кезінде орташа жалақыны есептеу көтеру коэффициентін ескере отырып жүзеге асырылады. Жалақыны есептеу кезінде кемшіліктер анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 6-бабының 2-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші тиісті бюджет (даму жоспары) немесе жеке қаржыландыру жоспары негізінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен және нысанда мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары әзірленді және бекітілді.

Бөлімнің бұйрығына сәйкес негізгі құралдарға түгендеу жүргізілді. Қолданылатын тозу нормаларының негізгі ауытқуларға сәйкестігін талдау арқылы анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы №223 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі-Қағидалар) 2-тараудың 15-тармағына сәйкес, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратпен қамтамасыз етілді.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық міндеттемелерін орындау) 36-бабын бұза отырып, мекеменің дербес шоттарында мемлекеттік кірістер органдарында салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша артық төлемдер мен берешек сомалар анықталған жоқ.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Бөлім талдау кезеңінде 66 мемлекеттік сатып алу жасалды. Оның ішінде: бір көзден сатып алу – 26; өткізілмеген мемлекеттік сатып алу – 16; баға ұсыныстары арқылы – 15; ашық конкрус арқылы – 4; электронды магазин арқылы – 5. Бөлімде жүргізілетін мемлекеттік сатып алулар уақтылы және

тиісті деңгейде жүргізілуде. Кемшіліктерге жол бермеу мақсатында үнемі мемлекеттік сатып алу заңнамасын түсіндіру жұмыстары жүргізіп отырады және аталмыш уақытта ешқандай заң бұзушылықтар орын алмады.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Бөлім өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы, өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Бөлімнің қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog»- ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өндеу бірыңғай платформасы;

«Е-лицензия» мемлекеттік қызмет көрсету платформасы;

«Орал 365 csi» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Қазынашалық-клиент» ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» жүйесі;

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

9. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Есепті кезеңде: 80 бұйрық шығарылды.

Есепті кезенде прокуратуры органдарынан наразылықтар түскен жоқ

Азаматтардың арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген нормалар негізінде жүргізілуде.

Бөлімге талдау кезеңінде барлығы – 19 жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түсіп, 41 тұлға жеке қабылдауда болды.

Түскен өтініштер уақытында тіркеліп, мерзімдеріне сай өтініш иелеріне жазбаша жауаптары берілген.

Ұсыным: Заңды және жеке тұлғалардың иелігіндегі тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу қызметін конкуреттік сала (жекеге) беру ұсынылады.

«Шыңғырлау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін анықтау.

«Шыңғырлау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметінде жалпы штат саны – 14 бірлік. Оның ішінде 1 бөлім басшысы, 1 сектор меңгерушісі, 2 бас маман, 1 хатшы, 1 іс-жүргізуші, 1 статист, 1 аударма редакторы, 1 шаруашылық жүргізуші, 1 көлік жүргізуші, 1 еден жуушы, 3 күзетші.

Бақыланатын кезеңде бөлімде кадрлық өзгерістер орын алды: сектор меңгерушісі және бас маман лауазымдарына тағайындаулар жүргізілді. Ағымдағы жылы бөлім қызметкерлерімен салық декларациясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде ұсынылды.

Конкурс бойынша қабылданған тұлғаларды жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 «Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Жарлығына сәйкес заңнама талаптары сақтала отырып жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы «Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы» № 40 бұйрығына сәйкес «Б» корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізіледі.

Бақыланатын кезеңде аудан әкімінің 03.06.2026 жылғы №70 өкімімен бөлім басшысына сөгіс түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

2.Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3.Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңына сәйкес, 5 мемлекеттік қызмет көрсету түрлері бекітілген.

1. "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру";
2. "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою";
3. "Тұрғын үй сертификаттарын беру";
4. "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, сондай-ақ елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру";
5. "Ауданаралық (қалааралық облысішілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильмен жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының залалдарын субсидиялау".

Мемлекеттік қызметтер бойынша өтініштер "Kezekte.kz" ақпараттық сервисі және www.elicense.kz порталы арқылы көрсетіледі. 2025 жылдың 1

шілде мен 2026 жылдың 1 шілде аралығындағы кезеңде «Шыңғырлау ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне» қызмет көрсету бойынша 14 өтініш түсті. Аталған кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету барысында орын алған заңбұзушылықтар болған жоқ.

4.Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Бөлімде рұқсат беру функциялары жоқ.

5.Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сай бақылау-тексеру функциялары жүзеге асырылмайды.

6.Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Есептелген жалақының еңбекақы төлеуді реттейтін заңнамаға сәйкестігі.

Талдау жалақыны есептеу бекітілген штат кестелеріне сәйкес жүзеге асырылатындығын анықтады.

25 еселенген АЕК-тен аспайтын («Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 353-бабы) жұмыскерлердің табыстары бойынша табыс алығын есептеу кезінде тиісті түзету (90%) жүзеге асырылды.

Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақыларды әлеуметтік салықтан тиісті шегерім жүзеге асырылады.

Демалыстарды есептеу кезінде орташа жалақыны есептеу көтеру коэффициентін ескере отырып жүзеге асырылады. Жалақыны есептеу кезінде кемшіліктер анықталған жоқ.

Бекітілген мемлекеттік сатып алудың 2026 жылға арналған бастапқы жоспары көрсеткіштерінің «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң нормаларына сәйкестігі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші тиісті бюджет (даму жоспары) немесе жеке қаржыландыру жоспары негізінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен және нысанда мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Негізгі құралдардың сақталуын және есепке алынуын қамтамасыз ету. Бөлімнің бұйрығына сәйкес негізгі құралдарға түгендеу жүргізілді. Қолданылатын тозу нормаларының негізгі ауытқуларға сәйкестігін талдау арқылы анықталған жоқ.

Қорлардағы негізгі құралдарды есепке алу фактілері анықталған жоқ.

Салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджетпен есеп айырысулардың сәйкестігі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №3932 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі-Қағидалар) 2-тараудың 15-тармағына сәйкес, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызмет Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп саласындағы заңнамасының сақталуын бақылау үшін мемлекеттік органдарды толық және анық ақпаратпен

қамтамасыз етуге, мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі, қаржыландыру жоспарының орындалу барысы, ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысу жағдайы, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуы тиіс.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық міндеттемелерін орындау) 36-бабын бұза отырып, мекеменің дербес шоттарында мемлекеттік кірістер органдарында салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша артық төлемдер мен берешек сомалар анықталған жоқ.

7.Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасаумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

102 мемлекеттік сатып алу жасалды. Оның ішінде: баға ұсынымдары бойынша – 13, тікелей шарт жасау жолымен бір көзден сатып алу - 49; өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу - 15; ашық конкурс арқылы - 6, рейтингтік-балдық жүйені қолданатын тәсілі арқылы – 13, электрондық дүкен арқылы – 3, тұрғын үй сатып алу бойынша – 3 сатып алулар жүргізілді.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдаланумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлім өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы, өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Аппаратының қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog»- ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өндеу бірыңғай платформасы;

«E-enbek» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«E-akimat» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Қазынашалық-клиент» ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» жүйесі;

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ҚР Бас прокуратурасының ақпараттық сервисі.

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350 Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі негізінде жүргізіледі. Бөлімге түскен барлық өтініштер Е-өтініш платформасы арқылы тіркеуден өтіп, тиісті жауап беріледі.

Талдау кезеңі аралығындағы 80 өтініш түскен. Түскен өтініштердің көпшілігі тұрғын үй, жол, жарықтандыру және т.б. болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы өтініштер мен шағымдар түскен жоқ. Өтініштерді қабылдаудан бас тарту фактілері орын алған жоқ.

«Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін анықтау.

«Ақбұлақ ауылдық округі әкімі аппараты» КММ-нің жалпы штат саны 3 (үш): ауылдық округ әкімі – 1(бір) бірлік, бас маман - 2 (екі) бірлік.

Бақыланатын кезеңде кадр ауысушылығы болған жоқ.

Бақыланатын кезеңде ауыл әкімі аппараты қызметкерлерінің арасында тәртіптік жауапкершілікке тартылған тұлғалар болған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұдайы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Бақыланатын кезеңде «Өз-өзіне қызмет көрсету бұрышы» арқылы 171 қызмет көрсетілді.

Соның ішінде: жеке тұлғаның жылжымайтын мүліктің болуы(болмауы) туралы анықтама - 34, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама беру - 11, соттылығы болуы не болмауы туралы анықтама - 8, зейнетақы аударымдары туралы анықтама - 13, дербес несие есебін білу - 5, ҚР халқын тұрғылықты жері бойынша тіркеу - 23, ЭЦҚ қашықтан алу - 77, білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау (бастауыш сыныпқа) – 5.

Мерзімі бұзылып көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны 0.

Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығы бойынша «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» мемлекеттік қызметі, «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскелерін беру» мемлекеттік қызметтерін көрсетеді. Талданатын кезеңде барлығы 12 қызмет көрсетілді.

Ұсыным: жауапты мамандарға мемлекеттік қызметтер бойынша оқытуды ұйымдастыру.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Ережеге сәйкес аппаратта рұқсат беру функциялары жоқ.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

«Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бақылау функцияларын іске асырмайды.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Аппаратта талдау жүргізілген бақыланатын кезеңде бекітілген жоспарға сәйкес 51775 мың тенге қарастырылды, игерілгені 54411 мың тенге, 105 % құрады. Талдау жүргізу барысында бұзушылықтар анықталған жоқ.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Талданып отырған кезеңде аппаратта жалпы сомасы 12345,3 мың теңгеге 40 мемлекеттік сатып алу жүргізді. Бұзылған шарттар жоқ. Келесі тәсілдермен сатып алулар жүргізілді:

1) баға ұсыныстарын сұрау 1448,6 мың теңге сомасына 9 сатып алу;

2) бір көзден 10896,7 мың теңге сомаға 31 сатып алу шартын тікелей жасасу арқылы;

4) негіздік келісімді қолдану арқылы байқаудың екінші кезеңі бойынша сатып алу жүргізілген жоқ.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Басшылық және мекеме қызметкерлері тарапынан мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне мүдделер қақтығысы анықталған жоқ, сонымен қатар заңды тұлғалармен шарттар жасасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Аппарат қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog» ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтадың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай платформасы;

«Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Парус-Каз» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Қазынашылық- клиент» ақпараттық жүйесі;

«1С-бухгалтерия» жүйесі;

«Е-лицензирование» жүйесі;

«Цифровая карта семьи» жүйесі.

